

ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Пайдаланушы келісімі («бұдан әрі – «Келісім») «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») мен сақтандыру полисін алуға тапсырыс рәсімдеу үшін Келісімге қосылған Пайдаланушы арасындағы қарым-қатынасты реттейді.
- 1.2. Сақтандыру полисін алуға тапсырыс (бұдан әрі – «Электрондық тапсырыс») тапсырыс рәсімдеуге мүмкіндік беретін электрондық бағдарлама болып табылады.
- 1.3. Келісімнің шарттарымен келісе отырып, Пайдаланушы Келісімді жасауға дейін, жасау сәтінде және одан кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтай отырып ұсынылған дербес деректерді жинауға, өңдеуге, пайдалануға, сақтауға және ұсынуға, оның ішінде сәйкестендіру құралдары арқылы расталған оның дербес деректерін қажет болған жағдайда үшінші тұлғаларға беруге келісін береді;
- 1.4. Келісім талаптарымен келісе отырып, Пайдаланушы Сақтандырушы қызметкерлеріне, Ассистансқа, медициналық мекемелерге, сондай-ақ сақтандыру полисін рәсімдеумен тікелей байланысты өзге тұлғаларға сақтандыру құпиясына жататын және/немесе дербес деректер бойынша ақпаратты ашуға өз келісін береді.
- 1.5. Пайдаланушының Электрондық тапсырысты тіркеуі мен рәсімдеуі Келісім акцептісі және Пайдаланушының оның талаптарымен келісін растауы болып табылады.
- 1.6. Келісім талаптарымен келісе отырып, Пайдаланушы Келісімді орындау және Келісімді орындауға байланысты наразылықтарды шешу мақсатында, электрондық тапсырысты рәсімдеу барысында берген өзінің деректерін Компанияның өңдеуіне өзінің келісін растайды.
- 1.7. Келісім талаптарымен келісе отырып, Пайдаланушы, ақшамен операциялар Пайдаланушының мүддесіне жасалатынын растайды.
- 1.8. Келісім талаптары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария офферта болып табылады, оның талаптарына сәйкес Компания Келісім талаптары негізінде Пайдаланушыға Электрондық тапсырысқа өтемсіз қолжетімдік береді.
- 1.9. Келісім талаптарымен келісе отырып, Пайдаланушы өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін растайды.
- 1.10. Сәйкес өрісте ұялы байланыстың абоненттік нөмірін көрсете отырып, Пайдаланушы Компаниядан ақпараттық және жарнамалық сипаттағы СМС-хабарламалар алуға келіседі. Құпиялық Келісімінің 2-т. 4) т/м сәйкес, Компания көрсетілген нөмірді құпия сақтауға және басқа біреулерге бермеуге міндеттенеді.

2. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Пайдаланушы Келісім талаптарын тиісті түрде орындауға міндеттенеді.
- 2.2. Пайдаланушы өзінің пайдаланушы атын сақтауды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қолдануға міндеттенеді, сондай-ақ оның сақталуы мен құпиялылығы үшін өзі жауап береді.

2.3. Пайдаланушы Электрондық тапсырысты келісім көздеген мақсаттардан басқа мақсаттарда пайдаланбауға міндеттенеді.

2.4.Пайдаланушы сайтта берілген материалдарды, мәтіндер мен өзге құралдарды пайдаланбауға, көшірмеуге, таратпауға міндеттенеді. Пайдаланушы ақпаратты үшінші тұлғалардың таратуына және пайдалануына әкеліп соғатын қандай да болмасын әрекеттер жасамауға міндеттенеді.

2.5. Егер Пайдаланушы шетелдік бұқаралық лауазымды тұлға – шетелдік мемлекеттің заң, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе қарулы күштерінде қандай да болмасын лауазым атқаратын, тағайындалатын немесе сайланатын тұлға;

Шетелдік мемлекет үшін қандай да болмасын бұқаралық функция атқаратын кез келген тұлға;

Халықаралық шарт статусы бар келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшылық лауазым атқаратын тұлға болған жағдайда, ол туралы Компанияға ақпарат беру.

3. КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1.Компанияның Келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін Келісімді орындау үшін үшінші тұлғаларға табыстауға құқығы жоқ.

3.2.Компания Пайдаланушыға кез келген тәсілмен, сондай-ақ Пайдаланушы онымен байланыс тәсілі ретінде көрсеткен телефон нөмірі бойынша Электрондық тапсырыстың жұмысы туралы ақпарат жіберуге құқылы.

3.3.Компания сақтандыру полисін берген мезетке дейін, Пайдаланушы берген деректерді тексеруге құқылы, және Компания шынайы емес ақпаратты анықтаған жағдайда, ол сақтандыру полисін алу, сақтандыру сыйлықақысын қайта есептеу, және өзге шараларға өтінімді тоқтата тұру, одан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1.Компания, Электрондық тапсырыс құқығының иелеріне, ұялы ұтқыр байланыс операторларына, құқық иегерлері мен өзге тұлғаларға залал келтіруге бағытталған қандай да болмасын әрекеттер жасамайтындығына кепілдік береді.

4.2. Келісім бойынша міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.3.Компания Пайдаланушы Келісім талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда, Электрондық тапсырысқа қолжетімдікті тоқтата тұруға құқылы.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Келісіммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

5.2. Келісімді орындауға байланысты кез келген даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Пайдаланушы мен Компания оларды өзара келіссөздер жүргізу арқылы шешуге барлық күшін салады. Егер дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген тәртіпте, Компанияның орналасқан жеріндегі жалпы юрисдикция сотында шешілуге жатады.

5.3. Келісім Пайдаланушы үшін оны тіркеп, тапсырысты рәсімдеген мезеттен бастап, Тараптар Келісім бойынша міндеттерін орындағанға дейін әрекет етеді.

5.4. Келісім Пайдаланушы мен Компанияға түсінікті орыс тілінде жасалды.

5.5. Егер Келісімнің қандай да болмасын ережесі заңсыз деп танылса, ол Келісімнің қалған ережелерінің заңдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.